

Ойлаудың негізгі түрі бұл – көрнекі-бейнелі ойлау. Сондықтан, ең алдымен, балаға мүмкіндігінше көп суреттерді, яғни қоршаған әлем туралы идеяларды игеруге көмектесу керек. Сабақты дұрыс ұйымдастыру, оқытудың нақты әдістері мен әдістері оқушылардың сөйлеуі мен ойлауын, олардың танымдық белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Дұрыс және жүйелі түрде ұйымдастырылған түзету және педагогикалық іс-шаралар зияты зақымдалған балаға зияты дамуында белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Сонымен қатар, балаларды дүниетанымдық біліммен оқытудағы мұғалімдердің күш-жігері, егер түзету және педагогикалық қызмет тек бағалау нәтижесіне бағытталған болса, сәтсіз болуы мүмкін. Біз баланың әлеуметтік алға жылжу тәжірибесін алуға баса назар аударамыз, мұнда басты нәрсе-қоршаған әлемнің идеялардағы объективті және сезімтал көрінісі, оның жеке өзін-өзі тануын дамыту. Оқушылардың айналасындағы әлем туралы түсініктер пәндік сабақтарда, экскурсияларда кеңейеді.

#### *Пайдаланылған әдібиеттер тізімі:*

1 Выготский Л.С. Проблема умственной отсталости. Умственно отсталый ребенок /Под ред. Л.С. Выготского и И.И. Данюшевского. – М., 2005. – С. 390.

2 Гамаюнова А.Н. Уроки естествознания в специальной (коррекционной) школе VIII вида. /Ж «Воспитание и обучение детей с нарушениями развития» – 2003 – № 3.

3 Косымова А.Н. Коррекция представлений об окружающем мире у детей с нарушениями интеллекта // Дефектология – 2006, – №5. – С. 30-35.

4 Кудрина С.В. Окружающий мир (программно-методическое обеспечение к урокам «Окружающий мир» в 1-4 классах специальных (коррекционных) образовательных учреждениях VIII вида. – М.: «ВЛАДОС», 2014.

5 Программы специальных (коррекционных) образовательных учреждений VIII вида. 1-4 классы / под ред. В. В. Воронковой. – М.: Просвещение, 2010. – С. 196.

**УДК 376.42**

*А.К. Рсалдинова<sup>1</sup>, А.А. Сүлеймен<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>ғылыми жетекшісі, п.ғ.к., доцент, акта1962@mail.ru,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
<sup>2</sup>7M01902 – Дефектология мамандығының 2 курс магистранты,  
[S\\_aza\\_1999@mail.ru](mailto:S_aza_1999@mail.ru), Қазақстан, Алматы қаласы*

### **«ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРМЫСТЫҚ БАҒДАРЛАУ» ПӘНІ БОЙЫНША ЗИЯТЫНДА ЖЕҢІЛ АУЫТҚУШЫЛЫҒЫ БАР ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АСПАЗДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АУЫЗША ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

#### *Аңдатпа*

Мақалада қазіргі таңда зиятында жеңіл ауытқушылығы бар жоғарғы сынып оқушыларының аспаздық дағдыларын қалыптастыруда ауызша оқыту әдістерін қолдану технологияларының маңыздылығы сипатталады. Өз-өзіне қызмет көрсету түрлерінің бірі – аспаздық дағдының тұрмыстық қызметте ғана емес, сондай-ақ тағам өнеркәсіп саласында қызмет ете алу мүмкіндіктері мен тиімділігі қарастырылған.

**Тірек сөздер:**Зияты зақымдалған оқушылар, аспаздық дағды, технология, ауызша оқыту әдісі.

Рсалдинова А.К.<sup>1</sup>, Сүлеймен А.А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> научный руководитель, к. п. н., доцент, akma1962@mail.ru,  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

<sup>2</sup>Магистрант 2 курса специальности 7М01902 –Дефектология,  
[S\\_aza\\_1999@mail.ru](mailto:S_aza_1999@mail.ru), Казахстан, г. Алматы

## **ВАЖНОСТЬ МЕТОДА УСТНОГО ОБУЧЕНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ КУЛИНАРНЫХ НАВЫКОВ У СТАРШЕКЛАССНИКОВ С ЛЕГКИМИ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫМИ НАРУШЕНИЯМИ ПО ПРЕДМЕТУ "СОЦИАЛЬНО-БЫТОВАЯ ОРИЕНТИРОВКА"**

### *Аннотация*

В статье описывается важность технологий применения методов словесных обучения способствующих формированию навыков приготовления блюд у обучающихся старших классов с легкими интеллектуальными нарушениями. Одним из видов самообслуживания являются возможности и эффективность кулинарных навыков не только в бытовой деятельности, но и в сфере пищевой промышленности.

**Ключевые слова:** Ученики с нарушениями легкими интеллекта, кулинарные навыки, технология, метод устного обучения.

A.K. Rsaldinovna<sup>1</sup>, A.A. Suleimen<sup>2</sup>

<sup>1</sup> scientific supervisor, akma1962@mail.ru,

Abai Kazakh National Pedagogical University,

<sup>2</sup>7M01902 – Master's student of the 2nd year of the specialty defectology,

[S\\_aza\\_1999@mail.ru](mailto:S_aza_1999@mail.ru), Kazakhstan, Almaty

## **THE IMPORTANCE OF THE ORAL TEACHING METHOD IN THE FORMATION OF CULINARY SKILLS IN HIGH SCHOOL STUDENTS WITH MILD INTELLECTUAL DISABILITIES ON THE SUBJECT OF "SOCIAL AND HOUSEHOLD ORIENTATION"**

### *Annotation*

The article describes the importance of technologies for the use of oral teaching methods in the formation of culinary skills of high school students with mild mental retardation. One of the types of self-service is the ability and effectiveness of culinary skills not only in household activities, but also in the food industry.

**Keywords:** Students with intellectual disabilities, culinary skills, technology, oral learning method.

Қазіргі кезде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау, оларды оқыту-тәрбиелеу, олардың құқықтарын қорғау, кедергісіз орта құру арқылы қоғамға кіріктіру арнайы білім беру саласының маңызды мәселелерінің бірі. Білім үрдісіне қосып, оқытуда тиімді технологияны пайдаланып, нәтижеге бағытталаған жұмыстар жүргізілуде. Атап айтатын болсақ, «Қазақстан Республикасының білімді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілген инклюзивті білім беру жүйесін атауға болады. Бұл бағдарлама ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың өз құрдастарымен бірге білім алуына септігін тигізіп жатыр. Алайда, арнайы мектептерде тәрбиеленетін ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды да назардан тыс қалдыруға болмайды. Олардың ішінде зиятында ауытқушылығы бар оқушылар. Зияты зақымдалған балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеуде, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру өзекті болып отыр. Себебі, өз-өзіне қызмет жасау жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдық мәдениетін көтеруге, болашақта белгілі бір маман иесі болуына да септігін тигізеді.

Арнайы педагогикада «ақыл-ой кемістігі» немесе «зият ауытқуы» терминіне мынандай анықтама беріледі: танымдық қызмет деңгейінің айқын төмендеуі негізінде туындайтын, орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануы.

Зият ауытқуы психикалық ауру емес, емделмейді. Зият ауытқуының дәрежесіне байланысты көп немесе аз нәтижелерге қол жеткізуге болады. Зият ауытқуының себептері, оның дамуының алғашқы кезеңдерінде мидың дұрыс қалыптаспауы немесе зақымдануы болып табылады.

Зият ауытқуының себептері:

- жүктілік кезіндегі ауыр жұқпалы аурулар;
- интоксикация, улану;
- жүктілік кезіндегі ауыр дистрофиялық жағдайлар;
- ұрықтың паразиттермен инфекциясы;
- асфиксия;
- тұқым қуалаушылық;
- резус қақтығысы;
- хромосомалық ауытқулар;
- фенилкетонурия (ақуыз алмасуының бұзылуы);
- менингит және энцефалит ерте балалық шақта.

Зият ауытқулары бар балалар үш топқа бөлінеді [1]:

1. Жеңіл дәрежесі – олигофрения популяциясының 75%, Векслер интеллектінің деңгейі 50-70;
2. Орташа дәрежесі – олигофрения жалпы популяциясының 15%, интеллект деңгейі 20-50;
3. Ауыр дәрежесі – халықтың 5%, интеллект деңгейі 20-дан аз.

Біз қарастырырып отырған зият бұзылысының – жеңіл түрі. Зиятында жеңіл ауытқушылығы бар оқушылар өз жасындағы балалардан артта қалып отырады. Оларды мынадай белгілері бойынша білуге болады: өз-өзіне қызмет жасау дағдысының дұрыс қалыптаспауы, сөйлеуінің, жалпы моторикасының кеш дамуы, үлкендермен байланыс кезінде сұрақтарға нақты жауап бермей жалтарып қашқақтап отырады. Сөйлеген кезде құрмалас сөйлемдерді айта алмай, өз ойын толық жеткізе алмай жатады. Қойылған сұрақтарға нақты жауап бермей, бұрмалап тек өзі білетін мәліметтермен шектеледі. Осының салдарынан өз құрдастарымен бірге араласпай, назардан тыс қалып жатады.

Зиятында жеңіл бұзылыс түрі бар оқушылар арнайы мектептерге білім алады. Жыл сайын ПМПК мамандарының тексерісі, қорытындысы негізінде оларға арнайы мектептерде психологиялық-педагогикалық-медициналық көмек көрсетіледі. Сонымен қатар, арнайы білім беру бағдарламасы бойынша білім алады.

Зиятында ауытқушылығы бар балаларды оқыту, оларды қоғамға кіріктіріп, әлеуметтік бейімделуіне, өз-өзіне қызмет жасауына ықпал жасайтын «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» пәні болып табылады.

«Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» пәні арнайы мектептерде оқушылардың әлеуметтік жағдайы, өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру негізінде 1-9 сынып оқушыларына оқытылады. Аталған пән бойынша өзінің зерттеулерімен, оқытудың тиімділігімен, бағдарламадағы оқыту процесінің жүйелігі жайлы зерттеу жұмыстардан, ғылыми мақалалардан аңғаруға болады. Зияты зақымдалған балалардың ерекшеліктерін зерттеген Ресейлік ғалымдар, олардың ішінде В.В. Воронкава, А.К. Аксенова, В.Г. Петрова сынды авторларды атауға болады. [2,3,4]. Отандық ғалымдар ішінен А.К. Рсалдинова, Б.С. Халықова, Н.Ю. Юлдабаеваның «Қол еңбегі» атты арнайы мектептің зерде бұзылыстары бар оқушыларға арналған әдістемелік оқулығы бар.

«Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» пәні Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығына 88-қосымша және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3-сәуірдегі №115 бұйрығына 528-қосымшасының жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқытылады.

«Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» осыдан соң (ЭТБ) пәнінің мақсаты – зияты зақымдалған білім алушылардың әр түрлі тұрмыстық және әлеуметтік жағдайларын, сонымен қатар, дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Міндеттерін айта кететін болсақ: оқушылардың тұрмыстық дағдыларын қалыптастыру, тұрмыстық ортада өзін бағдарлай алуы, адамдармен тұрмыстық ортада қарым-қатынас орнату, психофизиологиялық даму ерекшеліктерін түзетуге жұмыс жасау.

ЭТБ пәні сабақ уақытында және сабақтан тыс уақыттарда да жүзеге асырылып отырылады. ЭТБ пәні мынадай мазмұндарды қамтиды: «Денсаулық», «Киім, аяқ киім», «Тамақтану», «Тұрғын үй», «Көлік, көше», «Отбасы», «Мерекелер, салтанатты жиындар», «Кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары» бөлімдерін қамтиды. Аталған бөлімдер бойынша оқушылардың дағдыларын

рет-ретімен қалыптастыра отырып, оны өмірде қолдану жолдары үйретіледі. Тұрмыстық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін тиімді сабақ жоспардары әзірленіп, педагог маманның сүйемелдеуімен бірге жұмыстар жүргізіліп отырады. Бұл ретте педагог маман оқушылардың ерекшеліктеріне мен қабілеттерін басшылыққа ала отырып, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануды көздейді. [5]

Аталған бөлімдер өзінің мақсат-міндеттерін айқындай отырып, оқыту жүйесін құрайды. Біз аталған бөлімдер бойынша: «Тамақтану», яғни 3-бөлімді қарастырамыз. Себебі, біздің қарастырып отырған тақырыбымыз: Зиятында жеңіл ауытқушылы бар жоғары сынып оқушыларының аспаздық дағдыларын ауызша оқыту әдістері арқылы қалыптастыру.

Енді, «Тамақтану» бөліміндегі тақырыптар мен ондағы оқу мақсаттары-міндеттері нақтылап алайық. «Тамақтану» бөлімі бойынша:

5-сыныпта 1) азық-түлік: олардың түрлерін ажырата білу (көкеністер, жемістер, сүт, нан, дәнді дақылдар т.б)

2) ас үй, асхана ыдыстары, техника: ас үй ыдыстарының түрлері, оларды күту, сақтау ережелерін білу, мектептің асханасындағы мәзірлерді білу;

3) ас даярлау: шайды дайындау ережесі, жұмыртқадан тағамдар әзірлеу, бутерброд жасау, қауіпсіздік ережелерін білу, таңғы ас дайындай алу;

6-сыныпта 1) азық-түлік: азық-түліктің сақталу мерзімін білу, тоңазытқыштарға орналастыра білу, сапасы бұзылған тағамдарды ажыра алу, бұзылған тағам өнімдерін тастау;

2) ас үй, асхана ыдыстары, техника: плитаны пайдалану (газ, электр), ас үй ыдыстарын жуу, сүрту, азық-түлік өнімдерін сөрелерге дұрыс орналастыру;

3) тамағамды дайындау: макарон пісіру, ботқа пісіру, картоп пісіру, рецепт бойынша салат әзірлеу, кешкі ас мәзірі бойынша дастархан дайындау;

7-сыныпта: 1) азық-түлік: көкеністердің, еттің, балықтың алғашқы өңдеуін білу;

2) ас үй, асхана ыдыстары, техника: таңдап алынған мәзір бойынша түскі ас дайындау, асхана құралдарын пайдалана білу;

3) тамақ дайындау: түскі асты дайындай білу, суып қалған тағамдарды жылыта білу;

8-сыныпта: 1) азық-түлік: өнім мақсатын білу, сақтау уақытын білу, пайдалануға болатын өнімдерді сатып алу, сатып алу тәсілдері туралы білу;

2) ас үй, асхана ыдыстары, техника: қамырды жасау үшін қолданылатын тәсілді білу, консервілеу үшін ыдыстарды стерилизациялау жолдары;

3) тамағамды дайындау: пеште және қыздырма пеште қамырдан түрлі тағамдар әзірлей білу, көкеністерді, жемістерді сақтауды білу, аспаздық кітап бойынша бағдарлауды үйрену;

9-сыныпта: 1) азық-түлік: түрлі топтардан тағамдарды ажырату, пайдалы немесе пайдасыз өнімдерді ажырата білу, тағамды тиісті орындарға орналастыру;

2) ас үй, асхана ыдыстары, техника: ас үй құралдарын дұрыс қолдану, тамақтан кейінгі үстелді жинау, жуу;

3) тамағамды дайындау: ұлттық тағамдарды дайындау, рецепт бойынша тамақ дайындау, мерекелік үстел дайындау жолдарын үйрену;

Осы аталған тақырыптар және ондағы оқу мақсаттарына сай түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Тиімді әдіс-тәсілдер, жаңа технологияларды қолдану оқушылардың дағдыларын сапалы қалыптастыруға ықпал жасайды. Оларға: демонстрация, иллюстрация, сюжеттік рөлдік ойындан ауызша оқыту әдістері, экскурсия жасау. Осы аталған әдістердің ішінде ең тиімді жолы ауызша оқыту әдістерін педагогикалық технологиялармен ұштастыру арқылы оқушылардың аспаздық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Зиятында жеңіл ауытқушылығы бар балалар жоғары сынып оқушылардың аспаздық дағдыларын дамыту үшін ауызша оқыту әдістерін қолдану маңызды рөл атқарады. Ауызша оқыту әдістерінің жеті түрі бар:

- оқиға;
- түсіндіру;
- нұсқаулық;
- дәріс;
- әңгімелеу;
- пікірталас;
- кітаппен жұмыс.

Біз осы ауызша оқыту әдістерінің ішінен аспаздық дағдыларын дамыту үшін түсіндіру, әңгімелеу әдістерін қолдандық.

Әңгімелеу – мұғалім оқу материалын бір ізділікпен баяндайды. Ол үшін материалды айқын, сенімді етіп бейнелейді. Дәрекетерге негізделген мәліметтер әңгімелеу түрінде сөз етіледі. Әңгімелеуде талдау, жинақтау тәсілдері пайдаланылады. Әдетте, әңгімелеу, арнайы мектептің бастаушы сыныптарда он, он бес, ал жоғарғы сыныптарда жиырма -жиырма бес минутқа созылады. Әңгімелеу оқыту процесінің әр түрлі кезеңінде пайдаланылады: кіріспе, оқыту, бекіту.

Әңгімелеу әдісіне қойылатын жалпы педагогикалық талаптар:

- әңгімелеу мазмұны маңызды, оқу бағдарламадағы тақырыпқа сәйкес болуы тиіс;
- мұғалім әңгімелеумен бірге сурет, көрнекілік пайдалануы тиіс.

Арнайы мектеп оқушыларының зейін ерекшеліктерін ескере отырып әңгімелеу бір маңызды оқиға туралы болуы тиіс, сондықтан оқушыларды жиі сұрақпен алаңдатпау керек. Арнайы мектептерде әңгімелеуді ұжыммен бірге жүргізуге болады. Мысалы, әңгімелеудің басын мұғалім бастайды, ал оқушылар жалғастырады, бірақ оларға мазмұны таныс болуы тиіс. Қиын танымсыз сөздерді алдын ала талдап оқыту керек. Әңгімелеу аяқталған соң мұғалім оқушылармен қорытынды әңгіме жүргізуге тиісті, өйткені олардың толық түсінгедеріне толық сенімді болу керек.

Әңгіме – оқытудың ең көп тараған әдісі. Әңгіме әдісі – сабақта сұрақ-жауап түрінде және сабақтың кез-келген кезеңінде қолданылады: үйдегі және өз бетімен жұмысты тексергенде, жаңа материалды түсіндіргенде, бекіту мен қайталауда, үй жұмысын қорытындылағанда, оқушылардың сұрақтарына жауап бергенде тағы сол сияқты. Әңгіме зерттейтін материал бойынша оқушылардың кейбір мәліметтері мен білімдері болған уақытта жүргізіледі. Әңгіме оқу материалын оқушының жеке өмірі тәжірибесімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Әңгіме әдісі арқылы оқушы қажетті білімді қайта жаңғыртып және оларды жаңа оқу материалымен байланыстырады. Мұғалім кері байланысты жүзеге жаксы асыра алады. Оқу – нені біліп, нені білмейтінін анықтап, білімдегі қателерді түзету арқылы, жаңа мәліметтер бере алады. Әңгіме әдісін кез-келген сыныпта, оқу кезеңінде пайдалануға болады. Әдетте жаңа оқу материалын түсіндіру әңгімеден басталады. Оның негізгі мақсаты – жаңадан өткен материалды еске түсіру және балаға таныс нәрсемен байланыстыру.

Түсіндіру – ғылыми дәлелдемелерде, ғылыми ұғымдар мен қағидаларды қалыптастыруда, заңдар мен заңдылықтарды зерттеуде қолданылатын негізгі әдіс. Бұл әдістегі басты мәселе – ой-пікірдің логикалық ғылыми дәлелділігі. Түсіндіру әдісін пайдаланғанда оқу материалының ғылыми сипатын еске аламыз. Ғылыми ойдың логикасы түсіндіруге қойылатын негізгі талаптарды анықтайды. Осы тұрғыдан қарағанда мұғалім оқу пәнінің ғылыми мазмұнын терең білуі, сабаққа қажетті материалды таңдап ала білуі, түсіндіру тереңдігін білу керек. Одан әрі түсіндіру жүйесінде балалардың берілген материалды оқуының мақсатын белгілеуі, теориялық қағидаларды бөліп алуы, дәлелдемелер құрамын анықтауы, деректі материалды таңдап алуы керек. Түсіндірудің қол жетерлігі көбінесе баяндау стиліне тәуелді болады. Алдын ала не түсіндіру барысында, әсіресе бастауыш мектепте, балаға түсініксіз жеке атаулардың (терминдердің) мәнін ашып айтып отыру арнайы дидактиканың талаптарының бірі. Өте күрделі, оралымсыз сөйлемдерден аулақ болып, мұғалім сөзі түсінікті, сендірімді, сенімді келіп, одан оқушыға деген құрмет сезілуі тиіс. Сабақта түсіндіру барысын өзгертпеуге тырысу керек, арнайы сөздік жұмысын өткізу талап. Бұл жұмысты орындауда мұғалімнің тарапынан жақсы нұсқау керек. [6,7].

Мысалы: **Шұжық пен қияр қосылған ашық бутербродтарды дайындау.**

**Құрал-жабдықтар мен ыдыстар:** нан кесетін тақтайшалар, гастрономиялық өнімдер, шикі көкөністер, пышақтар: ара пышағы, май пышақ, кескіш, дайын бутербродтарға арналған ыдыс.

Өнімдердің нормасы (5 порция үшін): бидай наны – жарты бөлке, пісірілген шұжық – 200 гр., сары май – 50 гр., қияр – 1 дана.

Пісіру технологиясы:

- Шұжықты тазалап, кесіңіз.
- Нан кесіңіз. Май тілімдері нан.
- Нан, май, шұжық қойыңыз.
- Қиярды жуып, кесіп, шұжық үстіне қойыңыз.
- Ыдысқа дайын бутербродтар. [8].

Осы аталған тағам түрінің жасалу жолын ауызша оқыту әдістері арқылы түсіндіріп, қауіпсіздік ережелерімен танытырып, керекті өнімдерді дайындап, реттілігін түсіндіріп, оқушының аспаздық

дағдыларын қалыптастыруға болады. Ауызша оқыту әдістерін қолдана отырып, оқушыны өз бетінше жұмыс жасай алуына көмегімізді тигіземіз.

Қорыта айтатын болсақ, зиятында жеңіл ауытқушылығы бас жоғары сынып оқушыларына аспаздық қабілеттерін дамыту жұмысы ретінде ауызша оқыту әдістерінен түсіндіру, әңгімелеу әдістерін қолдандық. Осы жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың логикалық ойлауы, қиялы, грамматикалық жағынан, сөз түсінуі, түрлі құралдарды пайдалану арқылы олардың ұсақ моторикасы бірге дамыды. Содан жасайтын қорытындымыз, егер де біз зиятында жеңіл ауытқушылығы бар жоғары сынып оқушыларының аспаздық дағдыларын ауызша оқыту әдістері арқылы қалыптастыра отырып, тамақ жасау кезіндегі кері байланыстың арқасында олардың сөйлеу тілінің, танымдық жағынан дамығанын көреміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Өмірбекова Қ.Қ, Оразаева Г.С, Төлебиева Г.Н, Ибатова Г.Б. *Логопедия: Оқулық.* – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 648 бет (360 бет).
2. Выготский Л.С. *Проблема культурного развития ребёнка.* // Вестник Московского университета Сер. 14 Психология. – 1991. – №14.
3. Аксенова А.К. *Методика обучения русскому языку во вспомогательной школе.* – М., 2004. – С. 362
4. Петрова В.Г., Белякова И.В. *Кто они дети с отклонениями в развитии?* – М., 1998. – С.207.
5. *Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығына 88-қосымша және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3-сәуірдегі №115 бұйрығына 528-қосымшасы*
6. Интернет желісі: <https://kk.wikipedia.org/wiki/Түсіндіру>
7. Нұрғалиева Г.Қ. *Педагогиканың логикалық-құрылымдық курсы,* – Алматы, 1996.
8. *ШКОЛА ЖИЗНИ. Подготовка к самостоятельной жизни. Учебное пособие/ Под общей редакцией Л.М. Кобриной, В.В. Юниной,* – СПб, Корчаковский центр молодежных программ “Реальный путь”, 2005, – С 280.

УДК 376.42

А. К. Рсалдинова<sup>1</sup>, Ә.Б. Тұрар<sup>2</sup>

- <sup>1</sup> ғылыми жетекшісі, п.ғ.к., доцент, PhD доктор, [akma1962@mail.ru](mailto:akma1962@mail.ru),  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
<sup>2</sup>7M01902 – Дефектология мамандығының 2 курс магистранты,  
[asel\\_bakytbekovna@mail.ru](mailto:asel_bakytbekovna@mail.ru), Қазақстан, Алматы қаласы

**ЗИЯТЫНДА ЖЕҢІЛ АУЫТҚУШЫЛЫҚТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АСПАЗДЫҚ  
ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БЫҚПАЛ ЕТЕТІН  
НАҚТЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСІ**

*Аңдатпа*

Мақалада зиятында жеңіл ауытқушылықтары бар балаларда «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» сабағында «Тамақтану» бөлімі бойынша аспаздық дағдыларын қалыптастыру үшін қолданылатын әдістер туралы айтылған. Соның ішінде нақты жағдайларды модельдеу әдісін қолдану туралы ақпараттар берілген. Зиятында жеңіл ауытқушылықтары бар балаларда аспаздық дағдыларын қалыптастыру негізінде атқарылатын дайындық жұмыстары, өткір құралдармен, ыстық сұйықтықпен жұмыс жасаудың, электр плитасын қолданудың қауіпсіздік ережелері туралы көрсетілген.

**Кілт сөздер:** зиятында жеңіл ауытқушылықтары бар балалар, нақты жағдайларды модельдеу, аспаздық дағдыларын қалыптастыру.